



АУУЫЛ

ЖАҢАЛЫҒЫ

Сельская новь



Газет 1940 жылдан шыға бастады

№ 6 (8269) Сенбі 10 қаңтар 2015 жыл

Байзақ аудандық газеті
Байзақская районная газета

Байзақ ауданының әкімі Мұратхан Жүнісәліұлы Шүкеевтің ауданның 2014 жылғы әлеуметтік-экономикалық дамуының қорытындылары туралы есебі

2014 жылы ауданның өнеркәсіп кәсіпорындарымен 2 млрд. 430 млн. 050 мың теңгенің өнімі өндіріліп, 2013 жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда нақты көлем индексі 104,3% құрады.

Ауыл шаруашылығы өнімдерінің жалпы көлемі 2014 жылы 14822,5 млн. теңгені құрады, немесе 2013 жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда нақты көлем индексі 100,0%.

Аудан бойынша 11891 га. (күздік бидай – 6000 га., жаздық арпа – 5891га.) жердің әр гектарынан өнімділігі 8 центнерден 9512,8 тонна астық бастырылды. Оның ішінде 4800 тоннасы бидай, 4712,8 тоннасы жаздық арпа.

Жалпы жиналатын 5427 гектар майлы дақылдардың 4408 гектары орылды, орташа өнімділігі гектарына 3,5 центнерден айналды. Қалған 1019 гектар алқап орауға келмегендіктен есептен шығарылды. Жиналуға тиіс 695 гектар картоптың және 1899 гектар бақшаның барлығы жиналды. Картоптың орташа өнімділігі 220 ц/га, жалпы түскен өнім 15290 тонна, бақшаның орташа өнімділігі 250 ц/га, жалпы өнім 47475 тонна. 5054 гектар көкөністердің барлығы жиналды, орташа өнімділігі 250 ц/га. Жиналуға тиіс 2104 гектар дәндік жүгерінің 2014 гектары жиналды, орташа өнімділігі 50,0 ц/га, қалған 90 гектар алқап есептен шығарылды.

Шаруашылықтың барлық санаттарында 8624,1 тонна ет өндірілді, бұл 2013 жылдың тиісті



кезеңінен 6,7%-ға артық. Сүт өндіру 3,7%-ға өсіп (41,2 мың тонна), ал **жұмыртқа өндіру 6,9%-ға** (41,9 млн. дана) **кеміп отыр.**

2014 жылдың 1 желтоқсан айына мүйізді ірі қара малдың саны 34 003 басты құрап, 17 басқа артқан; қой мен ешкі 232,0 мың басты құрап, 980 басқа артқан; жылқы 9,7 мың басты құрап, 20 басқа артқан; құс саны 270,6 мың құрап, 18 698 басқа артқан.

«Сыбаға» бағдарламасы

Аудан көлеміндегі шаруа қожалықтарымен «Сыбаға» бағдарламасы бойынша несие алу туралы күнделікті үгіт на сұхат жұмыстары жүргізілуде. Бүгінгі күнге «Сыбаға» бағдарламасы бойынша 6 шаруа қожалық жалпы сомасы 74,8 млн. теңге несие алып, 444 бас ірі қара малдарын алды.

«Құлан» бағдарламасы

«Құлан» бағдарламасы бойынша Мырзатай ауылдық округінен «Жаксылық» шаруа қожалығы АКК-нан 15 млн. теңге несие алып, жылқы малын сатып алды. Сонымен қатар, Түймекент ауылдық округінен «Достық-99» шаруа қожалығы осы бағдарлама бойынша 30 млн. теңге несие алу үшін АНК-на құжаттарын өткізді.

«Алтын асық» бағдарламасы

«Алтын асық» бағдарламасы бойынша Ботамойнақ ауылдық округінен «Шынасыл» (3 млн.т.), «Серік» (14 млн.т.) шаруа қожалықтары, Жаңатұрмыс ауылдық округінен «Күдериев» (8 млн.т.), «Қуат» (4 млн.т.) уақ мал алуға құжаттарын дайындауда.

Жылыжай құрылысы бойынша Тұрғындардың жыл бойы көкөніске сұранысын қамтамасыз

ету мақсатында «Ақжар» шаруа қожалығы көлемі 1670 шаршы метр, «Манат» шаруа қожалығы көлемі 1 гектар, «Талап» шаруа қожалығы көлемі 2,5 гектар жылыжай соғып, толыққанды жұмыс істеуде.

Қорғалған топырақта өсірілген көкөніс дақылдары бойынша бірінші кезектегі өнім үшін – 8 617 900 теңге субсидиясы облыстық басқармаға өткізіліп, толықтай есеп шоттарына түсті.

Тамшылатын суару технологиясы бойынша

2014 жылы тамшылатып суару технологиясымен Бурыл ауылдық округінде «Байназаров» шаруа қожалығы 6 гектар жерге көкөніс, Қостөбе ауылдық округінде «Ағали» шаруа қожалығы 112 гектар жерге көкөніс, 10 гектар жерге бақ, «Аман» шаруа қожалығы 23 гектар жерге көкөніс, «Казак» шаруа қожалығы 108 гектар жерге көкөніс, Мырзатай ауылдық округінде «Оразбай» шаруа қожалығы 20 гектар жерге көкөніс, Ботамойнақ ауылдық округінде «Мария и К» толық серіктестігі 35 гектар жерге көкөніс, «Ердос» шаруа қожалығы 50 гектар, Жаңатұрмыс ауылдық округінде «Манат» шаруа қожалығы 36 гектар жерге көкөніс енгізіп, барлығы 400 гектарды құрады.

Шағын тауарлы сүт фермаларын салу бойынша

«Батыс Еуропа-Батыс Қытай» автодәлізі бойынша тапсырма бойынша ашылатын 10 шағын тауарлы сүт фермаларын ұйымдастыруға ниет білдірген шаруа қожалықтарының құжаттары облыстық ауыл шаруашылығы басқармасына өткізіліп, лизингке

мал, құрал-жабдықтар және ауыл шаруашылығы техникаларын алу үшін «ҚазАгроКаржы» АҚ-ына алдын-ала төленетін 15% қаражаттарын қарастыруда. Шағын тауарлы сүт фермаларын соғуға ниет білдірген 10 шаруа қожалығының басшыларын «ҚазАгроКаржы» АҚ-ы Жамбыл облыстық филиалының қызметкерлерімен кездесіп, олардың тарапынан қажетті консультациялық-әдістемелік жұмыстар жүргізіліп, қажетті кеңестер берілді.

Бүгінгі күнге Е.Саурықов, М.Ақаевтар 300 бас МІҚ малға шағын тауарлы сүт фермасын салу үшін жобалық-сметалық құжаттарын дайындап бітті, құрылыс жұмыстары басталды.

«Асыл» шаруа қожалығы (Б. Кыдыралиев) 50 басқа арналған мал бордақылау фермасын өз қаражаты есебінен салуда.

«Жадыра» шаруа қожалығы (Г. Даулетбаева) 100 басқа арналған тауарлы сүт фермасының құрылысын бастады. Сонымен қатар, Израильдік «Тесса» компаниясының сүт цехының қондырғыларын алу үшін бастапқы 25 %-дық төлемдерді төлеуге және 5 %-дық несие алуға «ЕвроАзиялық» банкімен келісім шарт жасасты.

«Ағали» шаруа қожалығы (Н. Ағалиев) сүт қабылдайтын танкер алу үшін өтінім берді. «ҚазАгроКаржы» АҚ-ы арқылы алынатын несиенің 15 % лизингтік қаражатын дайындауда. Сонымен қатар, 43 бас асыл тұқымды құнажын және 3 бас бұқа сатып алды. Ресейдің Алтай өңірінен 50 бас құнажын сатып алуға алдын-ала келісті. Бұдан бөлек 30 бас жылқы сатып алмақ ниетте.

(Жалғасы 2-бетте).

«Бизнесің жол картасы - 2020»

БЕРЕГІ МОЛ БАҒДАРЛАМА

Бүгінгі таңда кең ауқымда қолданыста жүрген мемлекеттік бағдарламалардың бірі - «Бизнесің жол картасы - 2020».

Аталмыш бағдарлама Елбасының «Жаңа онжылдық - жаңа экономикалық өрлеу - Қазақстанның жана мүмкіндіктері» атты Қазақстан халқына арнаған Жолдауының және Қазақстанның 2020 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспарының жүзеге асыру мақсатында әзірленіп, қабылданғаны белгілі.

Ал бағдарламаның негізгі көздеген түпкілікті мақсатына келер болсақ, еліміз экономикасының шикізаттық емес секторларындағы өндіріс кәсіпкерліктің тұрақты және теңгерімді өсуін қамтамасыз ету, сонымен қатар, бар жұмыс орындарын сақтау және тұрақты жұмыс істейтін жаңа жұмыс орындарын құру болып табылады.

Аудан әкімдігінің жұмыста өткен кезекті мәжілісінің күн тәртібіне де осы өзекті бағдарламаның орындалу барысы туралы мәселе шығарылып, қызу талқылауға түскен болатын.

Алдымен жиын қатысушылары аудан әкімдігінің кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімінің басшысы Д.Наурызбаевтың бұл бағытта аудан аумағында атқарылған жұмыстары және алдағы уақыттың жоспарлары туралы баяндамасын тыңдады.

Оның мәліметінше, есепті кезеңде ауданда 4807 шағын және орта кәсіпкерлік субъектісі тіркеліп, оның 4428-і немесе 92,1 пайызы жұмыс

істейтін көрінеді. Жыл басынан бері олардың өндіріс өнімі 17706985 мың теңгені құрап, өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда бюджет қоржынына түскен қаржы көлемі 125,7 пайызға артқан. Кәсіпкерлерді қолдау мақсатында есепті кезеңде 318662 мың теңгенің несие берілген.

Баяндамашы одан әрі қарай

төрағасы, аудан әкімі Мұратхан Жүнісәліұлы бұл бағытта аудан аумағында атқарылған жұмыстардың оң нәтижелеріне қарамай, тиісті сала қызметкерлерінің ұйымдастыру жұмыстарының жеткіліксіз екендігін атап өтіп, тиісті сала басшылары мен ауыл әкімдеріне бірігіп жұмыс істеу туралы нұсқаулар беріп, мәселені



кәсіпкерлікті дамыту, қолдау мақсатында бөлім қызметкерлері тарапынан атқарылған жұмыстар мен қатар аудан аумағында үдемелі индустриялық инновациялық жобалардың (индустрияландыру картасы) жүзеге асырылу барысы туралы мәлімет берді.

Басты мәселе бойынша сондай-ақ Ботамойнақ ауылдық округінің әкімі Е.Зәуірбековтың есебі тыңдалып, баяндамашыларға сұрақтар қойылып, жауаптар алынды.

Мәжіліс күн тәртібіндегі мәселенің маңыздылығына тоқталған жиын

қорытты. Мәселе бойынша қаулы қабылданды.

Бұдан соң жиын қатысушылары өздеріне жүктелген функционалдық міндеттерінің орындалуы және мемлекеттік бағдарламалардың іске асырылу барысы туралы Темірбек ауылдық округінің әкімі А.Өмірөвпен аудан әкімдігі білім бөлімінің басшысы З.Дүзенованың есептерін тыңдап, тиісті қаулы қабылдады.

Мәжіліс өз жұмысын жалғастыра келе, күн тәртібіндегі басқа да мәселелерді қарауға көшті.

Өз тілшіміз.

МӘДЕНИЕТ ОШАҚТАРЫ ЖӨНДЕЛУДЕ

А.Шотбасова, «Ауыл жаңалығы».

Еліміз егемендік алып, еңсесін тіктегеннен кейін білім, денсаулық, мәдениет салаларын жаңғырту жұмыстары жүзеге асырылып жатқаны белгілі. Соңғы жылдары, әсіресе, мәдени ошақтарды қалыптастыру істері мықтап қолға алынууда. Ізгілікті шара мемлекеттік бағдарламалар негізінде жүргізіліп жатқаны да айта кеткен жөн.



С он д а й бағдарламалардың бірі «Жұмыспен қамту - 2020» б о й ы н ш а ауданымыздағы 7 мәдени нысанға жөндеу жұмыстары жүргізілуде. Нақтырақ айтқанда, р е с п у б л и к а л ы қ бюджеттен бөлінген 2 млн. 338 мың теңгеге Мырзатай ауылдық клубы, 1 млн. 804,4 мың теңгеге Дихан-2 ауылында орналасқан мәдениет үйі, 2 млн.

494 мыңға Қызыл жұлдыз ауылдық клубы, 1 млн. 524 мың теңгеге Байзақ, 1 млн. 676 мың теңгеге Түймекент ауылдық клубтары және 2 млн. теңгеге Ынтымак елдімекеніндегі мәдени ошақ ағымды жөндеу жұмыстарынан өткізілді.

Бұл нысандармен қатар бүгінде аудандық орталықтандырылған кітапханада да жөндеу жүргізілуде. Жұмысы 4 млн. 643 мың теңгеге бағаланған ғимарат ішіне толығымен пластиктен жасалған есік-терезелер қойылып, ағаш едендер төселуде. Жылу жүйесі жанартылып, қабырғалары сырланып, әктелуде екен.

«Жалпы барлығы 16 млн. 479 мың теңгеге дәл осылай тозығы жеткен ауылдық клубтардың шатырлары, жылу жүйелері, едендері мен ішкі бөлмелері жөнделді. Аудандық орталық кітапханада да бұл жұмыстар соңына таяп қалды. Ендігі жерде ауыл халқы әрленіп, әдеміленген мәдени ошақтарда еркін демала алады» - дейді бізбен болған әңгімесінде аудан әкімдігі мәдениет бөлімінің басшысы Сәкен Сыздықов.

Шындығында да жана жыл алдында басталған бұл шара тұрғындар үшін тамаша тарту болмақ.